

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
«Құлыншақ» балабақшасы



ТӘРБИЕ-ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Қурық, 2015

Бүгінгі таңда қоғам ата-аналарға отбасы-
дағы тәрбие сияқты үлкен жауапкершілік
жүктеп отыр. Тәрбие берудің негізгі мін-
деттерінің өзі “ең алдымен дені сау, ұлттық
сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі
биік, ар-ожданы мол, мәдениетті, пара-
сатты, еңбекқор, іскер, бойында басқа да
ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрби-
елеу” деп көрсетілген Қазақстан Республи-
касының тәлім-тәрбие туралы тұжырымда-
масында.



Отбасы тәрбиесінің негізгі мәні өзара ынтымақтастық пен түсіністік болып табылады. Балалар ата-анасының еңбектегі ісіне көңіл бөліп, оны түсінуге тырысады. Ата-аналар да балаларының күн сайынғы әрекеттерін қадағалап, жағдайларын біліп отырады. Отбасының берік негізі осы рухани мүдденің бірлігінде. Оның біртұтас ынтымақта болуы, береке – бірлігі ең алдымен ата-ана мүддесінің мәні мен мағынасында, әке мен шешенің бір-біріне, балаларына, олардың достары мен жолдастарына деген қарым-қатынасына байланысты. Босағасы берік отбасыда әрбір адам өзара қамқорлық пен татулыққа, үй іші жұмыстарын жұмыла кірісіп орындауға, жақсы мен жаман туралы пікірлерін ортаға салып ұштастыруға, қаражатты дұрыс бөліп тұтынуға, еңбекпен табылған ақша құнын бағалап, қадірлеуге үйренеді. Отбасындағы тіршіліктің дұрыс ұйымдастырылуы балалардың еңбекқор болуын, әр нәрсеге жоғары жауапкершілік сезіммен қарауды, адамды құрметтеу сияқты адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

“Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аласың” дегендей, бала тәрбиесі ол дүниеге келген алғашқы күннен басталады. Бала өскен сайын оның тәрбиесі де күрделеніп, оған қойылатын талаптар да күшейе түседі. Ақыл-ойының дамуы, ұнамды мінез-құлқын қалыптастыру ең негізгі міндетке айналады. Оның негізі отбасында, мектепке дейінгі жаста қаланады. Бала жақсы адам болып өсуі үшін ол күн сайын отбасы мүшелері арасындағы ең жарасымды, ең әділетті қарым-қатынастардың куәсі болуы керек. Анасы – баласы-әкесін өз әрекеттері арқылы қуанып отырулары тиіс. Бір-бірінің жұмысын жеңілдетіп, бір – біріне қолқанат болып жүргенде ғана отбасы шын мәнінде тату-тәтті өзара түсіністікте болады. Одан адамгершілік пен әділеттің көрінісі де айқын сезіліп тұрады.

Отбасының бірлігі мен ынтымақтастығы оның құрамындағы адамдардың бір-біріне деген қамқорлығынан, тіпті өмірге бірегей көзқарас ұстануынан, соған орай ерлі-зай-

ыптылық және ата-аналық сезімін терең түсіне білулерінен де байқалады.

Отбасының негізгі міндеті – баланы еңбек етуге, жарқын сезімдер мен нұрлы мұраттарға тәрбиелеу және адамдар арасында өмір сүре білуге үйрету. Бұл қасиеттердің бәрі негізінен отбасы – ошақ қасында қалыптасып нығаяды. Әсіресе, отбасындағы ересек адамдар арасында өздерінің жеке бастарының өнегесі арқылы жас балалардың бойында осындай сезімдерді қалыптастырады.

Ата-анасын сыйлап, құрметтеп үйренген бала өзге ата-аналарды да құрметтей біледі, қашан да үлкендер алдында өзін дұрыс ұстап, құрмет пен қамқорлық таныта біледі.



1. Баланың қойған сұрағына шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз.
2. Балаңыздың жеке бөлмесі немесе бір бұрышы болуына жағдай жасаңыз.
3. Балаңыздың шығармашылық іс - әрекетпен айналысып отырса, шашылып жатқан үстелі үшін ұрыспаңыз.
4. Шешім қабылдауда өзіндік жеке жоспар құруына көмек көрсету.
5. Балаңыздың кемістіктерін бетіне баспаңыз, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.
6. Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.
7. Отбасымен шешетін мәселелерге балаңызды қатыстырып, оның жеке басының ой-пікірімен санасыңыз.
8. Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз.
9. Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз.

10. Жас мөлшері әртүрлі адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіңіз.
11. Қиын нәрселерді тауып және оны өз бетімен, жауапкершілікпен шешуге үйретіңіз.
12. Балаңызды жетістіктері пен дәрежесі үшін емес, сіздің балаңыз болғандығы үшін жақсы көретіндігіңізді сездіртіңіз.
13. Балаңызбен бірге әңгімелер, ертегілер, фантастикалық оқиғалар құрастырып, баланың шығармашылық қабілетінің дамуына жағдай жасаңыз.
14. Балаңыздың сүйікті ісіне керек кітап, ойын, т.б. құралдармен қамтамасыз етіңіз.
15. Балаңыздың алған негізгі ісінің ойдағыдай орындалуына сеніміңіз болмаса да, сол істі өзі аяқталуына жағдай жасаңыз.
16. Бала өзі жоспарлаған жұмыстар тізімін көрсете алатын стенд жасап қойыңыз.
17. Істеген жұмысының нәтижелі болуына көмектесіңіз.
18. Баланың қойған талабына ерекше көңілмен қараңыз.
19. Балаңыздың өткір ойлығына сеніп, әрдайым сенім артыңыз.

«ЖАНҰЯДАҒЫ ТӘРБИЕНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»



Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты — балада» деген екен. Кез келген адам өзі өмір бойы қуып жете алмайтын бақыт деген құдыретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты — тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні — өз ұрпағы.

Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата-ана алдында нәзік те қиын, қыр-сыры мол үлкен қоғамдық міндет тұрады. Ол — бала тәрбиесі. Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз — ата-ана. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер — жанұяда тәрбие балаға сөзбен, теориямен дамымайды,

үлкендердің үлгісімен сіңеді. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді халық даналығы. Бала кішкентай кезінен-ақ әр нәрсеге әуестеніп үлкендерге көмектескісі келеді. Бұған кейбір әке-шеше «жұмысымды бөгейсің, істеп жатқан ісімді бүлдіресің» деп ұрысып жіберуі мүмкін. Бұл қате түсінік. Керісінше, өзің жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызып, оның үйренуіне көмектескен орынды. Тіпті балаға берген тапсырмаңыздың аяғына дейін орындауына төзімділікпен бақылау керектігін де ұмытпаған жөн. Осылайша баланың бірте-бірте еңбекке деген болашағына жол ашылады. Әрі істеген ісін ұқыпты да тындырымды орындауына бағыт бересіз. Баланың жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіріп отырса, ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырмасын орындауға қарсылық білдірмейді. Орынсыз ұрысу, зеку, сұрақтарына дөрекі, қысқа жауап беру немесе әділ талап қоя алмау ата-ананың беделін түсіреді.

Ата-ана — бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата-аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл-қыздармен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа. Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы балаға теріс әсер етеді. Бала алдында әке-шешеге үй ішінің үлкендердің әдептілік танытқаны жөн. Мысалы, арақ пен темекінің толып жатқан зиянын біле тұра, балалардың көзінше арақ ішіп, үсті-үстіне темекі тартқандар бар. «Көрінген таудың алыстығы жоқ» дейді, ертең-ақ ұл өсіп ер жетеді, қыз өсіп бой жетеді, сонда арақ пен темекінің зиянын қалай ұқтырамыз.

Негізінен жанұяның шырқы бұзылған, ата-анасы маскүнемдікке салынған немесе жарамдық жағынан азғынданған ортада бала, жасөспірім қашанғы жиренішті көріністі, ондағы айқай-шу мен дау-жанжалға, ұрыс-керіске шыдап жүре бермек. Басқа өмір аңсайды немесе теріс тәрбиеге тез бой алдырып үлгереді, егер осы теріс жолға мүлде бет бұрып кетсе, онда бәйтеректің бір бұтағы қисық өсті дей беріңіз. Бақытсыз қыз, бұзақы ұл осыдан шығады. Сонда негізгі кінәні кімнен іздейміз?!

Бұзақылықтың басы бос жүруден басталады. Кейде сабақты жиі қалдыруға әр түрлі сылтауларды үлкендердің өзі үйретіп отырады. Бұл жағдайда балаға өтірік айтуды үйретіп отырған аңғармай да қалуы мүмкін. Жас шыбықты қалай исең, солай өседі ғой. Иә, «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» демекші ата-ана тәрбиесі бала өмірінде үлкен із қалдырады. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау — ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ. Бала — әр жанұяның бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік.



- 1) Балаңызды сүйіңіз! Яғни оның қасыңызда барына қуаныңыз, ол өзі қандай болса, солай қабылдаңыз, оны қорламаңыз, оны жәбірлемеңіз, оны өзіне деген сенімділігінен айырмаңыз, оны себепсіз жазаламаңыз, сізге деген сенімін жоғалтып алмауын қадағалаңыз, сіізді жақсы көруіне жағдай туғызыңыз.
- 2) Балаңызды қорғаңыз, яғни оның жаны мен тәніне қауіпті нәрселерден сақтаңыз, тіпті-егер қажет болса-жеке мүдделеріңізді құрбан етіп, басыңызды қатерге байлай отырып қорғаңыз.
- 3) Балаңызға жақсы үлгі болыңыз! Оның бойына дәстүрлі құндылықтарға деген құрмет сезімін дарытыңыз, өзіңіз де сол құндылықтарға сәйкес өмір сүріңіз, балаға жауапкершілік сезіммен қараңыз. Балаға үй іші тату, қарттарын құрметтеп, жақсы көретін, барлық туған-туысқандармен және досжарандармен етене жақын әрі шынайы байланыста болатын отбасы,

ошақ қасы керек. Бала адалдық, кішіпейілділік, жарастық ұялаған отбасында өмір сүруге тиіс. Ата-ананың ерлі-зайыптылық адалдықты бұзуы, көре алмаушылық, арсыздық жолмен баюы, балаға принципсіз байланыстар арқылы қандай да болсын пайда келтіру және т.б.- осының бәрі елдің ертеңгі азаматының моральдық бейнесіне мейлінше ұнамсыз әсер ететін «үлгі» құрайды.

- 4) Балаңызбен ойнаңыз, яғни балаңызға қажетті уақытты бөліп, оған қалай сөйлеп, қалай ойнау ұнаса, солай сөйлеп, солай ойнаңыз, оның ойындарына шыдап, ден қойыңыз, оның ұғым-түсініктер әлеміне бейімделіңіз.
- 5) Балаңызбен бірге еңбектеніңіз! Балаңыз жұмысқа қатысқысы келгенде, оны демеп жіберіңіз (үйде, бақта, бақшада). Балаңыз өсіңкірегенде шаруашылыққа қажетті барлық жұмыстарға қатыстырып үйретіңіз. Қолы бос кездері мен демалыс уақытында ол мектеп ұйымдастырған іс-қызмет түрлеріне қатысуға тиіс.
- 6) Баланың оңай болмаса да, өз бетімен өмірлік тәжірибе алуына жол ашыңыз! Бала өз басынан өткерген тәжірибені ғана мойындайды. Сіздің жеке тәжірибеңіз балаңыз үшін көп жағдайда құнсыз болып шығады. Оған өзіңіздің жеке тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік бер, тіпті бұл белгілі бір тәуекелмен байланысты болған күнде де солай істеңіз. Шамадан тыс қорғаштаған, қауіптің қай-қайсысынан да «қамсыздандырылған» бала көп жағдайда әлеуметтік мүгедекке айналады.
- 7) Балаға бостандықтың мүмкіндіктері мен шектерін көрсетіңіз! Ата-анасы баланың алдымен әрқайсысының дарындары мен ерекшеліктеріне сәйкес адамның жеке басының дамуы мен тұлғалануының тамаша мүмкіндіктерін ашуға тиіс. Сонымен бірге оған кез-келген адам отбасында, ұжымда және жалпы қоғамда өзінің іс-әрекеттерінің белгілі бір шектерін мойындауы және сақтауы тиіс екенін көрсету қажет (заңды ұстану және өмір салты ережелерін сақтау).

- 8) Баланы тіл алғыш болуға үйретіңіз! Ата-анасы баланың мінез-құлқын қадағалап отыруға және оның іс-қылықтарын оның өзіне де, басқаларға да нұқсан келтірмейтіндей етіп бағыттап отыруға міндетті. Баланы белгіленген ережелерді сақтағаны үшін қолпаштап отырған жөн! Алайда қажет болған жағдайда жаза арқылы ережелерді құрметтеп үйрету керек.
- 9) Баладан пісіп-жетілу сатысына және өзіндік тәжірибесіне сәйкес шама-шарқы жететін пікірлер мен бағаларды ғана күтіңіз! Бала осынау күрделі дүниеде бағдар жасап үйренгенше, оған ұзақ уақыт қажет. Оған қолыңыздан келгенше көмектесіңіз және де жинақтаған тәжірибесі мен өзінің пісіп-жетілу сатысына сәйкес өзіндік пікірін немесе қорытындысын айта алатын кезде ғана баладан оларды талап етіңіз.
- 10) Балаға еске түсіруге болатын құндылыққа ие әсерлерді басынан кешіруге мүмкіндік беріңіз! Бала да, үлкендер сияқты әсерлермен «қоректенеді», олар балаға басқа адамдардың өмір-тіршілігімен және айналадағы дүниемен танысуға мүмкіндік береді.





«Баламыз кейінгі кезде айтқанымызды тыңдамайды. Өз бетінше жүреді. Ерте кетіп, кеш келеді. -Мұның не?-десек, -Сендердің жұмыстарың емес, өзім білемін, қалай жүргім келсе, солай жүремін! - деп, тыңдамай кететін болып жүр, -Не істесем екен? Кімге барып ақыл сұрасам екен?» дейтін ата – аналар кездесіп тұрады.

Құрметті ата – аналар, балаларымызды ешкімнің ақылыңыз – ақ өзімізді сыйлайтын дәрежеде тәрбиелейік. Ол үшін балаға тәрбие беруді бала шыр етіп дүниеге келген күннен бастаған дұрыс. Алғашқы күндерінен бастап, уақтылы тамақтандыруға, ұйықтауға үйрету қажет. Бұл дағдыға айналғаннан кейін бала мезгілсіз жылап анасын мазаламайтын болады. Дұрыс ойнап, я болмаса ойыншығымен дұрыс қарым – қатынас жасау, төсек – орнын жинау, тамақ ішкен ыдыстарын жуып қою сияқты жұмыстар бірқалыпты дағдыға айналуынан бастап бала тәрбиесінің негізі қаланады. Ата-ана баласымен осы кездегі қарым-қатынасынан бастап жетекшілік етсе бала тәрбиесінде әрбір басқан қадам дұрыс, дәл орнын тапса, баласы өскенде біреуден ақыл сұрамайтын болады, яғни ата-ана үлгі аларлықтай еңбек етсе, еңбек далаға кетпек емес. «Не ексең, соны орасың» деген халық мақалы да тәжірибе негізінен алынған ғой.

Бала мінезі оны қоршаған ортаға қарай қалыптасады: алдымен, ата – анадан; екінші, ұстазынан; үшінші, құрбы-

сынан; солардың ішінде қайсысын көбірек жақсы көрсе, сонысынан көбірек жұғады.

Бала жаман, я жақсы болып тумайды. Оны жақсы ететінде, жаман ететінде тәрбие мен тәрбиеленетін ортасы. Олай болса балаларды тәрбиелеуде ата-ананың атқаратын рөлі ерекше. Бала, ең алдымен, ата – анасын көріп, сезіп өседі ғой. Егер ата-ана мектепке барған соң тәрбиеленеді, я құрбы-құрдастарымен ойнағаннан кейін үйренеді десе, кеш қалатынын күні бұрын білуі тиіс.

Бала санасына егілетін жақсы қасиеттердің кейбіріне тоқтала кетейік.

Біріншіден, бала өзін-өзі тежеуге шамасы келетіндей, соған қабілеті жететіндей болып дағдыланғаны жақсы. Егер өзін-өзі тежеуге шамасы келмесе, онда балада намыс пен жігердің болуы мүмкін емес. Намыссыз, жігерсіз бала – құр қуыс кеуде. Ондай бала берген уәдесін орындай алмайды. Уәдесін орындамаған балада ұят болмағаны. Ұятсыз баладан қандай үміт күтуге болады. Бала дұрыс тәрбиеленуі үшін ұятын, жігерін ояту, қалыптастыру керек, сондықтан қайта тәрбиелеу қажет, ол үшін ұзақ уақыт күш-жігер жұмсауды керек етеді.

Екіншіден, балаңыз неғұрлым батыл болса, соғұрлым шыншыл болады. Яғни баланың өзі жасаған қатесін өзі мойындауы да батылды. Батылдығы жеткілікті бала шыншыл болады. Ендеше, балаңыз өзі жасаған қателігі үшін сізге түсінік берсін, сіз оған түсінік бере көрмеңіз.

Үшіншіден, баланы жасынан сыпайы сезімге дағдыландыру қажет. Адам өмірінде сезімнің алатын орны да күшті. Жалған сезім абырой әкелмейді. Кейде бір-екі рет көріскен кісілер бірін-бірі құшақтап, тіпті сүйісіп жатады, болмаса қызметі жоғарылау кісінің алдында ретсіз жағымпазданып, орынсыз күліп мақтайды. Бұл жай үлкендерден балаларға оңай ауысады. Сондықтан әрбір ата-ананың өзі Абай айтқандай болуы тиіс:

- Сүйсе екен шын көңілмен кімді сүйсе,

- Тұрса екен бір мінезбен жанса, күйсе.

Төртіншіден, балаларымыз өзіміз болмай, көпшіл, қоғамшыл болса дейміз. Мұның да алғашқы адымы отбасынан басталса, әрі қарай өрістеуі қиынға түспес еді.

Егер бала әкесі мен шешесінің өзін шын мәнінде сыйлайтын, күтетін, құрметтейтініне сенетін болса, сіз оның ең қадірлі адамысыз, сондықтан сіздің беделіңіз басты мәселе болып саналады. Балаңыз сізге ұқсауға тырысады. Демек, балалар алдында беделді ата-ана өз борышын, азаматтық міндетін орындадым деп есептей алар еді. Бала өзінің ата-анасын қандай сыйласа, қадірлесе, жақсы көрсе, жалпы үлкендер алдында өзін қалай ұстауды білетін, қарттарға көмекке келуге әрқашан дайын тұратын, кішкентай бөбектерге қамқорлық көрсете алатын мәдениетті адам болып өседі. Жұртшылық сеніміне бөленуден артық қасиет болар ма? Бұл – ата-анаға қандай қуаныш, қандай бақыт. Ол – жақсы берілген тәрбиенің нәтижесі.



АТА - АНАЛАР, СІЗДЕР ҮШІН

- ✓ Балаға дұрыс тәрбие беру – ата-ананың моральдық қана емес, заң жүзіндегі міндеті.
- ✓ Бала тәрбиесі мәселесінде ата-ана арасында толық келісім болуға тиіс.
- ✓ Баланың бойындағы ізгілік, жақсылық атаулының бәрін, оның үлгілі болуға тырысқан талабын көтермелеп отыру керек.
- ✓ Баланың адал да ізгі адам болып өсуі үшін оған ата-анасы үлгі болуға тиіс.
- ✓ Баланы еңбекке құрметтеу мен сүю рухында жас кезінен тәрбиелеп, оның бойына адамгершілік және рухани мәдениеттің негізін, қоғамдағы мінез-құлық дағдыларын дамыту керек.
- ✓ Ересектер балаларды күн сайын сипайылыққа, сергектікке, үлкендерді құрметтеуге, әділдікке өз үлгісімен тәрбиелеп отыруға тиіс.
- ✓ Үйдегі жайлылық пен салауаттылықтың алғы шарттары – тазалық пен тәртіп, сондай-ақ барлық отбасы мүшелерінің тату-тәтті тұруға ұмтылуы.
- ✓ Үй ішіндегі татулық күйеуіне де, әйелге де байланысты. Оның бірінші шарты - өзара сенім, құрмет, өзара түсіністік және, әрине сыпайы, әдепті мінез-құлық.
- ✓ Сыпайылық және әдептіліктің ережелерін сақтау табиғи, емін-еркін болып, ешбір жағдайда екіжүзділікке, өтірік ұялшақтыққа негізделмеуге тиіс.
- ✓ Тату-тәтті тұру үшін ұстамды болып, өзін-өзі билей білу керек.





ФОНД ЕВРАЗИЯ
ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ